



Мамандық таңдаудың негізгі жолы – кәсіби бағдар беру

Мамандық таңдау – бұл адамның өмір бойы жалғасатын көп сатылы процесс. Бұл қоғамдағы, экономикадағы, әлеуметтік институттардағы, еңбек құралдары мен тәсілдеріндегі өте жылдам өзгерістерге байланысты. Бүгінгі таңда көптеген мамандықтар қажет емес, бірақ әлемде апта сайын дерлік жаңа мамандықтар пайда болады. Соңғы бірнеше онжылдықта жоғары оқу орындарына қатысты кәсіби бағдар беру және кәсіби қалыптасу процесі өте стандартты болды. Бастапқы таңдау жасағаннан кейін тұлға кәсіптік оқу орнына түседі, содан кейін болашақ кәсіптік қызметтің орнын анықтайды, біліктілікті жетілдіру формаларын нақтылайды, кейде тіпті мамандығын да өзгертеді.

Жалпы орта білім беру мекемелеріндегі ЖОО-ның кәсіптік бағдар беру жұмысының мақсаты – оқушылардың жеке мүдделерін, қоғамдық қажеттіліктерін, нарық сұраныстарын қанағаттандыратын мамандықты жетік таңдауға дайындау болып табылады. Мамандық таңдау мәселесі әрдайым жоғары сынып оқушыларының алдында тұр. Ал қазір ол біздің қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты өзекті болып отыр.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» Жоғары мектебі еліміздің ескелең ұрпағы үшін бұл қадамның қажеттілігін түсінеді және кәсіптік бағдар беру жұмысын ЖОО дамуының стратегиялық бағыты ретінде қарастырады.

Жоғары мектептің профессорлық-оқытушылық құрамының мектеп

бітірушілерімен кездесуі дәстүрлі және жүйелі түрде оқу жылы бойы жүргізілді. Ағымдағы жылдың 26 сәуірінде мектеп бітірушілеріне арнап «Ашық есік» күні ұйымдастырылды, оған Шымкент қаласының 32 мектебінен 600-ден астам оқушы қатысты.

Мектеп бітіруші түлектерімен кездесуде «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» жоғары мектебінің деканы п.ғ.к., доцент Мадияров Н.К. М.Әуезов атындағы ОҚУ туралы мәліметтер берсе, запастағы майор – әскери кафедрасының оқытушысы Б.Байғұлов талапкерлердің қызығушылын тудырған әскери кафедра туралы мағлұматтармен таныстырды.

«Кәсіби бағдар беру» орталығының менеджері Т.Зауырбеков 2023-2024 оқу жылына талапкерлерге бакалавриат бойынша ҰБТ-ы тапсыру, құжаттарды конкурсқа өткізу ережелеріне, бейіндік пәндерге толықтай түсіндірме жасады.

Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламалары және ҰБТ бейіндік пәндерінің тізімі

ББТ	Білім беру тобының атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Бейіндік пәндер
B009	Математика пәні мұғалімдерін даярлау	6B01510 - Математика	Математика
		6B01521 - Математика-Физика	Математика
		6B01531 - Математика-Информатика	Математика
B010	Физика пәні мұғалімдерін даярлау	6B01520 - Физика	Физика
		6B01522 - Физика-Информатика	Физика
B011	Информатика пәні мұғалімдерін даярлау	6B01530 - Информатика	Математика
		6B01532 - Информатика және робототехника	Математика
B012	Химия пәні мұғалімдерін даярлау	6B01540 - Химия	Химия
		6B01541 - Химия- Биология	Химия
B013	Биология пәні мұғалімдерін даярлау	6B01550 - Биология	Биология
B014	География пәні мұғалімдерін даярлау	6B01560 - География	География
		6B01561 - География-Тарих	География
B050	Биологиялық және сабақтас ғылымдар	6B05110 - Биология	Биология
		6B05120 - Биотехнология	Биология
B052	Жер туралы ғылым	6B05220 - География	Математика
B054	Физика	6B05310 - Физика	Физика
B055	Математика және статистика	6B05410 - Математика	Математика
B057	Ақпараттық технологиялар	6B06110 - Информатика	Математика
		6B06111 - Компьютерлік ғылымдар және программалық инженерия	Математика

Оқушылардың көпшілігі өңіміге белсенді қатысып, жоғары мектеп мамандығына түсуге қызығушылық танытқаны қуантады. Кездесуде студенттердің де жеткен жетістіктері баяндалды. 2022-2023 оқу жылында күзгі семестрде академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Польшаның Лодзь университетінде білім алып келген 6B05220-География білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Ф.Оразбаева, 2021 жылы Ресей Федерациясы, Белгород қаласында өткен «STEM білім беру» ғылыми конференциясына қатысып, жүлделі орын алған 6B01520-Физика білім беру бағдарламасының

3-курс студенті М.Амидуллаева өз ойларымен бөлісті. Сондай-ақ, «Химия» мамандығының 3-курс студенттерінің ұйымдастыруымен химия әлемінің таңғажайыптарын, тәжірибелерін көрсетті. Іс-шара барысында болашақ студенттер өз ойларымен бөлісуге және өздерін қызықтырған сұрақтарға толық жауап алуға мүмкіндік болды.

Ақпараттық науқан университет туралы ақпараттандыру және оқуға қабылдау ережелерін түсіндіру мақсатында өткізілді. Кездесулерде бейнематериал көрсетіліп, брошюралар таратылды. Оқу басымдықтары, білім беру бағдарламалары және университеттің



жоғары мектептері туралы ақпарат ұсынылды. Сондай-ақ, талантты жастарды қолдауға бағытталған бастамалар айтылды.

Жоғары мектебіміздің мәжіліс залында ұйымдастырылған бұл кездесуге кафедра меңгерушілері – «Кәсіптік білім» кафедрасының меңгерушісі С.Жолдасбекова, «Математика» кафедрасының меңгерушісі Н.Әшірбаев, «Биология және география» кафедрасының меңгерушісі Е.Исаев,

«Химия» кафедрасының меңгерушісі М.Ермаханов, «Физика» кафедрасының меңгерушісі А.Турсынбаев, «Информатика» кафедрасының меңгерушісі Л.Жайдақбаева л а р оқытушы-профессорлар құрамының күшімен дайындаған оқулықтар мен оқу-әдістемелер құралдардан, студенттердің жеткен жетістіктері, студенттердің қолдарымен жасаған құрылғылардан бітіруші түлектерге көрме ұйымдастырды. Талапкерлер тарапынан үлкен қызығушылық білдірілді.

Сонымен қатар, кездесу барысында 2023-2024 оқу жылында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» Жоғары мектебінде төмендегі білім беру бағдарламаларының магистратура және докторантура бойынша маман даярлау жұмыстары жүргізілетіні айтылды:

Магистратура білім беру бағдарламаларының тізімі

Білім беру тобының номері	Білім беру тобының атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Бейіндік пәндер	
			1 бейіндік пән	2 бейіндік пән
M010	Математика педагогтарын даярлау	7M01510 Математика	Математикалық анализ	Математиканы оқыту әдістемесі
M011	Физика педагогтарын даярлау	7M01520 Физика	Жалпы физика	Физиканы оқыту әдістемесі
		7M01522 Физика және информатика STEM оқыту негіздерімен		
M012	Информатика педагогтарын даярлау	7M01530 Информатика (2 жыл)	Бағдарламалау	Информатиканы оқыту әдістемесі
M013	Химия педагогтарын даярлау	7M01541 Химия	Химия	Химияны оқыту әдістемесі
M015	География педагогтарын даярлау	7M01560 География	География	Географияны оқыту әдістемесі
		7M01563 География-Тарих		
M080	Биология	7M05110 Биология	Клетка биологиясы	Ботаника
M084	География	7M05220 География	Қазақстанның физикалық географиясы	Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы
M089	Химия	7M05320 Химия	Физикалық химия	Аналитикалық химия
M090	Физика	7M05310 Физика	Механика	Молекулалық физика
M092	Математика және статистика	7M05410 Математика	Математикалық талдау	Дифференциалдық теңдеулер
M094	Ақпараттық технологиялар	7M06110 Информатика	Алгоритмдік бағдарламалау тілдері	Жоғары математика

Докторантура білім беру бағдарламаларының тізімі

Білім беру тобының номері	Білім беру тобының атауы	Білім беру бағдарламасының атауы
D010	Математика педагогтарын даярлау	8D01510 Математика
D012	Информатика педагогтарын даярлау	8D01503 Информатика
D092	Математика және статистика	8D05410 Математика

Мектеп мұғалімдері, қатысушылар тарапынан кәсіптік бағдар беру науқанының нәтижелері бойынша жүргізілген жұмыс әдістерінің тиімділігіне баға берілді және талапкерлермен өзара іс-қимыл сапасын арттырудың ықтимал жолдары талқыланды.

Нұрлыбай Мадияров
М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» ЖМ деканы, п.ғ.к., доцент;
Абай Турсынбаев
«Физика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент